

2026-2028 жылдарға арналған Ақжар ауданының Кенащи ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы № 35-13 шешімі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 7-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, 85-бабы 3-тармағына, 91-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 2-7) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақжар ауданының Кенащи ауылдық округінің 2026-2028 жылдарға арналған бюджеті тиісінше осы шешімнің 1, 2 және 3 қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2026 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 68213,6 мың теңге;

салық түсімдері – 5362,6 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 416,0 мың теңге;

трансферттер түсімдері – 62435,0 мың теңге;

2) шығындар – 68729,8 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -516,2 мың теңге;

6) бюджеттің мұнай емес тапшылығы (профициті) – 0 теңге

7) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 516,2 мың теңге:

қарыздар түсімі – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

пайдаланылған бюджет қаражатының қалдықтары – 516,2 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 18.03.2026 № 38-7 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі); 17.06.2026 № 41-10 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. 2026 жылға арналған ауылдық округ бюджетінің кірістері Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес мынадай салық түсімдері есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

Мыналар аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне түсетін салықтық түсімдер болып табылады:

1) егер осы Кодекстің 26-бабының 1) тармағының 2) тармақшасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік кірістер органында тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген:

дара кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіпқой медиатор үшін – тұрған жері;

қалған жеке тұлғалар үшін – тұрғылықты жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында орналасқан жеке тұлғалар дербес салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығы;

2) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ аумағындағы осы салық салу объектілері бойынша жеке тұлғаларға салынатын мүлік салығы;

3) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жер учаскелері бойынша жеке және заңды тұлғалардан алынатын, елді мекендердің жерлеріне салынатын жер салығы;

4) мыналардан:

тұрғылықты жері аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жеке тұлғалардан;

өздерінің құрылтай құжаттарында көрсетілген тұрған жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында орналасқан заңды тұлғалардан алынатын көлік құралы салығы;

5) бірыңғай жер салығы;

6) жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;

7) сыртқы (көрнекі) жарнаманы:

аудандық маңызы бар қаладағы, ауылдағы, кенттегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумақтары арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде;

елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастырғаны үшін төлемақы;

8) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ аумағындағы кең таралған пайдалы қазбаларға, жерасты суларына және емдік балшықтарға салынатын пайдалы қазбаларды өндіру салығы.

3. Мыналар аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетіне түсетін салықтық емес түсімдер болып табылады:

1) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін салатын айыппұлдар;

2) жеке және заңды тұлғалардың ерікті түрдегі алымдары;

3) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінен (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінен) түсетін кірістер:

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігіндегі (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіндегі) заңды тұлғаларға қатысу үлесіне кірістер;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінің (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінің) мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінен (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінен) түсетін өзге де кірістер;

4) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетіне түсетін өзге де салықтық емес түсімдер.

4. Мыналар аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер болып табылады:

1) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген мүлікті сатудан түсетін түсімдер;

2) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдерді қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

3) жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлемақы.

5. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен берілетін трансферттер аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне түсетін трансферттердің түсімдері болып табылады.

6. 2026 жылға арналған ауылдық округ бюджетінде аудандық бюджеттен округ бюджетіне берілетін субвенция көлемі 59817,0 мың теңге сомасында көзделгендігі ескерілсін.

6-1. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес 2025 жылы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) қаржы жылының басында қалыптасқан бюджет қаражатының бос қалдықтары есебінен ауылдық округ бюджетінің шығыстары көзделсін.

Қаржы жылының басында қалыптасқан, 2025 жылы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) бюджет қаражатының бос қалдықтарының сомаларын бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Кенащы ауылдық округі әкімінің "Ақжар аудандық мәслихатының "Ақжар ауданының Кенащы ауылдық округінің 2026-2028 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы" шешімін іске асыру туралы" шешімімен айқындалады.

Ескерту. Шешім 6-1-тармақпен толықтырылды – Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 18.03.2026 № 38-7 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

7. Осы шешім 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

М. Жүсіпбеков

Солтүстік Қазақстан облысы
Ақжар аудандық мәслихатының
2025 жылғы 26 желтоқсандағы
№ 35-13 шешіміне
1-қосымша

Ақжар ауданы Кенащы ауылдық округінің 2026 жылға арналған бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 18.03.2026 № 38-7 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі); 17.06.2026 № 41-10 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
			I. Кірістер	68213,6
1			Салықтық түсімдер	5362,6
	01		Табыс салығы	1966
		2	Жеке табыс салығы	1966
	04		Меншікке салынатын салықтар	3396,6
		1	Мүлікке салынатын салықтар	79
		3	Жер салығы	6
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1212,4
		5	Бірыңғай жер салығы	2099,2
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	416
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	416
		1	Жерді сату	416

5			Трансферттер түсімі	62435
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	62435
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	62435
Атауы				Сомасы, мың теңге
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
			II. Шығыстар	68729,8
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	42263
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	42263
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	40397
		032	Кіші бағдарлама бойынша ведомстволық бағынысты мемлекеттік органдар мен ұйымдардың күрделі шығыстары	1866
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	4136,8
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	4136,8
		014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	783,8

		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	2153
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	500
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	700
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	22330
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	22330
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	22330
			III. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			V. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-516,2
			VI. Бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы (профициті)	0
			VII. Бюджет тапшылығын қаржыландыру профицитін пайдалану)	(516,2
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
9			Б ю д ж е т қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	516,2

	01		Б ю д ж е т қаражатының қалдықтары	516,2
		1	Б ю д ж е т қаражатының бос қалдықтары	516,2

Солтүстік Қазақстан облысы
Ақжар аудандық мәслихатының
2025 жылғы 26 желтоқсандағы
№35-ІІІ шешіміне 1 қосымша

Ақжар ауданы Кенаңи ауылдық округінің 2027 жылға арналған бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы мың теңге
			I. Кірістер	65878
1			Салықтық түсімдер	2719
	01		Табыс салығы	2143
		2	Жеке табыс салығы	2143
	04		Меншікке салынатын салықтар	576
		1	Мүлікке салынатын салықтар	86
		3	Жер салығы	7
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	483
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	452
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	452
		1	Жерді сату	452
5			Трансферттер түсімі	62707
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	62707
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	62707
Атауы				
Функционалдық топ				

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				Сомасы мың теңге
		Бағдарлама		
			II. Шығыстар	65878
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	41155
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	41155
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	41155
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2308
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	2308
		014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	196
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1785
		011	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	327
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	22415
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	22415
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	22415
			III. Таза бюджеттік кредиттеу	
			IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0

			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			V. Бюджет тапшылығы (профициті)	0
			VI. Бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы (профициті)	0
			VII. Бюджет тапшылығын қаржыландыру профицитін пайдалану)	0
9			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	0
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0

Солтүстік Қазақстан облысы
Ақжар аудандық мәслихатының
2025 жылғы 26 желтоқсандағы
№35-ІІІ шешіміне 1 қосымша

Ақжар ауданы Кенаңи ауылдық округінің 2028 жылға арналған бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы мың теңге
			I. Кірістер	66639
1			Салықтық түсімдер	2964
	01		Табыс салығы	2336
		2	Жеке табыс салығы	2336
	04		Меншікке салынатын салықтар	628
		1	Мүлікке салынатын салықтар	94
		3	Жер салығы	8
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	526

3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	492
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	492
		1	Жерді сату	492
5			Трансферттер түсімі	63183
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	63183
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	63183
Атауы				Сомасы мың теңге
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
			II. Шығыстар	66639
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	41625
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	41625
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	41625
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2516
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	2516
		014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	214

		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1946
		011	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	356
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	22498
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	22498
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	22498
			III. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			V. Бюджет тапшылығы (профициті)	0
			VI. Бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы (профициті)	0
			VII. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0
9			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	0
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0

2026 жылғы 1 қаңтарда қалыптасқан бюджет қаражатының бос қалдықтары есебінен 2026 жылға арналған ауылдық округі бюджеттің шығыстарын бөлу

Ескерту. Шешім 4-қосымшамен толықтырылды – Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 18.03.2026 № 38-7 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
9			Б ю д ж е т қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	516,2
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	516,2
		1	Б ю д ж е т қаражатының бос қалдықтары	516,2
Атауы				Сомасы, мың теңге
Функционалдық топ				
	Бюджеттікбағдарламалардыңәкімшісі			
		Бағдарлама		
			II. Шығыстар	516,2
07			Т ұ р ғ ы н үй-коммуналдық шаруашылық	516,2
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	516,2
		011	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	516,2